



Бектемін
«Гүлдер» балабақшасының
Мүдирі директоры: М.Е.Овезова

2023 - 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

МАМЫР АЙЫНЫҢ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Тәрбиешісі: Сапарова Гүлжайна

Жоспардың құрылу кезеңі: **06.05 - 10.05.2024ж.**

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Біз орындықтарды орнына қоямыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)		"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты ұстауға, еңбектенуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)		"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
	Фотосуреттер қарастыру «Ұлы Отан Соғысының ардагерлері». Фотосуретте бейнеленген Ұлы Отан Соғысының ардагерлері туралы әңгімелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)		"Ағаш, бұта, гүл" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші "Ағаш, бұта, гүл ..." сөздерін айтады және балаларды айналып өтеді. Тоқтатып, бір баланы көрсетіп, үшке дейін санайды, бала жүргізушінің тоқтаған жерін тез атауы керек. Бала айтып үлгермесе немесе		"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту, сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог балабақшадағы балалардың өмірін бейнелейтін суреттерді салады: таңертеңгілік жаттығулар, таңғы ас, ұйымдастырылған іс-әрекет және

			қате жауап айтса ойыннан шығады. Ойын барлық ойыншылар ойыннан шыққанға дейін жалғасады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)		т.б.. Балалар кез келген суретті өздері таңдайды, тексереді. "Таң" деген сөзге барлық балалар таңмен байланысты суретті көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді. Содан кейін тәуліктің басқа бөліктері бейнеленген суреттерді көрсетеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)</p> <p>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1-допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2-допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1-оң аяққа иілу; 2-3-допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.</p> <p>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2-өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 -бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.</p> <p>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2-аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2-қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.</p> <p>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.</p> <p>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. (дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарханға отырып, Жеңімізді түреміз. Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз.</p>				

	<p>Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысың, асыл күн, Армысың, асыл жыр. Армысың, көк аспан, Армысың, достарым, Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым! (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>		<p>Табиғаттың әдемі көрінісі жайлы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>		<p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз". Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірқатар өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сауат ашу негіздері "Дауысты мен дауыссыз дыбыстар әлемі" Мақсат-міндеттер: артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінікті қайталау. Қазақ тілі "Г.Х.Андерсеннің "Түймеқыз" ертегісі. Гүлдерді аялайық". Мақсат-міндеттер: Г. Х. Андерсеннің "Түймеқыз" ертегісінің сюжетімен таныстыру. Дене шынықтыру "Арқаннан бір қырымен секіру" Мақсат-міндеттер: балаларды</p>		<p>Математика негіздері "Әдемі гүлдер" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларға ойша жылдам санауға меңгерту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын тиянақтау. Қазақ тілі "[У] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)". Мақсат-міндеттер. [У] дыбысы мен әрпін таныстыру. [У] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту. Дене шынықтыру "Құрсауды тура бағытта домалатуды пысықтау"</p>		<p>Сауат ашу негіздері "Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау". Мақсат-міндеттер: дыбыс пен дыбыс түрлерін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау. Құрастыру "Танк - әскери көлік" Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдарының көмегімен соғыс көлігі танкті құрастыруға үйрету;"танк" туралы балаларға қызықты ақпараттар беру. Дене шынықтыру "Құрсаумен жаттығулар" Мақсат-міндеттер: балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық</p>

	<p>арқан арқылы қос аяқтап жанымен секіруге үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Астра гүлінің орнын ауыстыру"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың астра гүлін егіп, өндеп, өсіру амалдарымен таныстыру; гүлдің орнын ауыстырып, гүлзарға өз қолдарымен отырғызу әрекеттеріне үйрету.</p>		<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p> <p>Көркем әдебиет "«Жақсы мен жаман» өлеңімен танысу"</p> <p>Мақсат-міндеттер: тірі және өлі табиғат нысандары туралы түсініктерін қалыптастыру, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жақсылық пен жамандық істерді ажырата білуге үйрету.</p>		<p>орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p> <p>Көркем әдебиет "«Жақсы мен жаман» өлеңімен танысу" (қайталау)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тірі және өлі табиғат нысандары туралы түсініктерін қалыптастыру, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жақсылық пен жамандық істерді ажырата білуге үйрету.</p>
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру, олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазалау). (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары:</p>		<p>Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің ояңғанына назар аудару.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қоқыстан тазалауға көмектесу). (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып еңбек ету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Алға қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай жүгіру; мәтінге сәйкес ойын</p>		<p>Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Желді ауа райында ағаштардың басына қарау, байқауды, зейінді дамыту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы бұтақтардан және тастардан тазалау). (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Еңбекқорлық қабілетін және ұжымдық жұмысқа белсенді қатысуын дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аюлар мен аралар", "Жапалақ". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды тепе-теңдікті сақтауға баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</p>

	"Алыптар мен құртақандар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жылан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту.		әрекеттерін орындау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жоғарыдан төмен қарай секіруге жаттықтыру.		қозғалыстарды дамыту, алға қарай екі аяқпен секіру. (дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарханға отырып, Жеңімізді түреміз. Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп, қайта түсіру. Жалпақтабаңдықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					
Балалармен жеке жұмыс	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Қарапайым түймедақ" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексизден түймедақ гүлін мүсіндеу кезінде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту; жіңішке таяқшаға ермексизды жағып, гүлдің сабағы деп қабылдауға үйрету. (шығармашылық іс-әрекет)		Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, басында жүргізуші рөлін педагог өзі алуы мүмкін. Жүргізуші допты әр балаға кезекпен "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып, допты қолдарына лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әркалай, бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, суасты жануарының атауын айту, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жерде мекендейтін жануардың немесе жәндіктің атауын айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)		Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Жұпаргүл бұтағы" Мақсат-міндеттер: балаларды бөртегүл бұтағына қарап, суретін, мақта таяқшасын, борларды, бояуды қолданып, қағаз бетіне салу техникасына үйрету. (шығармашылық іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

<p>Кешкі ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарханға отырып, Жеңімізді түреміз. Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан</p>

	<p>сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p> <p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.		«Серуен кезінде көрген құстар» тақырыбына көрме ұйымдастыру.		Суреттер көрмесін ұйымдастыру.

13.05 - 17.05.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Балалардың жануарлар мен құстарға қызығушылығын дамыту" тақырыбында ата-аналарға кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, сыртқы түріне, құрылымына назар аударатырып, балаларға өсімдіктің шаңын кетіру әдісін таңдауды үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; өсімдіктердің жапырақтарына ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығындағы тәртіпсіздікті байқау. Ортақ игілік үшін шынайы ниетімен еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымкыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көруді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу, ересектерге көмектесуге ынталандыру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
	"Сиқырлы қалта" дидактикалық ойыны.	«Әдемі кілемшелер». Ойынның мақсат-	Вариативті компонент - Жас зерттеуші	Мүсіндеуден ойын-жаттығулар.	Үстел үсті ойыны. "Дойбы". Мақсат-міндеттер.

	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. Барысы. Педагог балалардың ортасына "сиқырлы қалтаны" әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қалтаға" салып, кез-келген түймелері бар жолақты таңдап алып, қолын "сиқырлы қалтадан" шығармаған бойы түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тексереді және түймелердің санына (1-10) сәйкес цифрларды көрсетеді. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>"Бөлме өсімдіктері" Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің өсу және даму жолдары туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды сепкішпен су шашуға, дымқыл шүберекпен өсімдіктердің шаңын сүртуге үйрету.</p>	<p>"Баптағанға - жер жомарт" Мақсат-міндеттер: көктемгі егістіктіктердің маңыздылығын айтып, баптағанға – жер жомарт екенін түсіндіру. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. (танымдық іс-әрекет)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1-допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2-допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1-оң аяққа иілу; 2-3-допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2-өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 -бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2-аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2-қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. (дене шынықтыру) 				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан</p>				

	<p>кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінү. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Менің көңіл-күйім» Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады. Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бұлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (қарым-қатынас іс-әрекет)</p>	<p>Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (қарым-қатынас іс-әрекет)</p>	<p>Шаттық шеңбері Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Сөздер мен сөйлемдер" Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету.</p> <p>Қазақ тілі "Көктемгі егістік. "Құмырсқа" ертегісін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балалардың көктемгі егіс, нан өсіру және жинау процесі туралы түсініктерін кеңейту; "Құмырсқа" ертегісінің мазмұнымен таныстыру.</p> <p>Дене шынықтыру "Құрсаумен жаттығуларды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Адал еңбек - бәрін жеңбек" Мақсат-міндеттер: балалардың еңбектің адам тіршілігінің негізі жайындағы ұғымдарын</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Сөздер мен сөйлемдер" Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету.</p> <p>Математика негіздері "Бақшадағы жұмыстар" Мақсат-міндеттер: балалардың көктемгі бақша жұмыстары жайлы білімдерін тиянақтау; заттардың салмағын өлшеу біліктіліктерін арттыру.</p> <p>Музыка "Ақ жаңбыр" Мақсат-міндеттер: балалардың ақ жауын туралы әнді топпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "А.Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.</p>	<p>Математика негіздері "Жиыны қанша?" Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Қазақ тілі "Қызықты әріптер". Мақсат-міндеттер: сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру; сөйлеу мәнерін, байланыстыра сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын, жұмбақ шешу, сөз ойлау арқылы тіл байлықтарын дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру "Құрсаумен эстафеталар" Мақсат-міндеттер: балаларды көлденең бөрене бойымен жүру және жүгіруге үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет "«Қоян және кірпі» ертегі-пантомима" Мақсат-міндеттер: балалардың пантомималарды сахнада қою білігін нақтылау. Балаларды көркем бейнені толық жасауға түрткі болу.</p>	<p>Математика негіздері "Жиыны қанша?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "«Көңілді жаз» тақырыбында шығармашылық әңгіме құру". Мақсат-міндеттер: жаздың кезі көңілді тақырыбына шығармашылық әңгіме құру. Жаз мезгілімен таныстыра отырып, табиғат өзгерістері туралы түсінік беру.</p> <p>Музыка "Біз мектепке барамыз" Мақсат-міндеттер: балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне жаттықтыру.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Қош келдің, жаз!" Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Сөздер мен сөйлемдер" Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету.</p> <p>Сурет салу "Менің атам егінші". Мақсат-міндеттер: балаларды егінде жүрген трактор пішінін салуға баулу; тарақты немесе пластиктен жасалған шанышқыны бояуға малып, егін жолдарын салу техникасымен таныстыру.</p> <p>Дене шынықтыру "Құрсаумен эстафеталарды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды көлденең бөрене бойымен жүру және жүгіруге үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет "«Қоян және кірпі» ертегі-пантомима" (қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың пантомималарды сахнада қою білігін нақтылау. Балаларды көркем бейнені толық жасауға түрткі болу.</p>
--	---	---	--	---	---

	тиянақтау; түрлі мамандықтар туралы білімдерін жетілдіру; кез келген мамандықты игеруге қажет қабілеттер жайында түсіндіру.				
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Кемпіркосақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Кемпіркосақтың пайда болу құбылысын түсіндіру, түстері туралы айту; кемпіркосақ жайлы білімдерін толықтыру.</p> <p>Тапсырма. Асфальтқа түрлі-түсті бормен кемпіркосақ салу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қоқыстарды жинау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Сыпырушыға көмектесу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту, тапсырмалардың дұрыстығын бақылау.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды</p>	<p>Жердегі тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғаттың бөлігі ретінде тастар туралы түсінік қалыптастыру. (Қандай тастар бар? Адам тастарды қайда пайдаланады?)</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (алаңға тастарды жинау және олардан композиция құру). (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қазынаны тап".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жерде жатқан ерекше тастарды табу; байқағыштық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік".</p>	<p>Құмырсқаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Зерттеу. Бір жолды құммен жауып, құмырсқалар не істейтінін көру; екіншісін қантпен жауып, құмырсқалар оны қалай жинайтынын көру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аумақты ескі жапырақтардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жұптасып жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалу". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жүгіру, секіру дағдыларын бекіту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Секірейік". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Сол және оң аяққа секіру қабілетін дамыту.</p>	<p>Бакша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру, олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазалау). (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жылан".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту.</p>	<p>Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің ояңғанына назар аудару.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қоқыстан тазалауға көмектесу) (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Ұйымдасып еңбек ету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Алға қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай жүгіру; мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындау.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды жоғарыдан төмен</p>

	дамыту. (дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.			қарай секіруге жаттықтыру.
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұру, белді бүкірейту, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет". Мақсат-міндеттер. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-	Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". Мақсат-міндеттер. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін	Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы". Мақсат-міндеттер. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар.	Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне,	Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" Мақсат-міндеттер. Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды,

<p>қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машиналарының мжасанды үлгілері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелеседі, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетеді, супермаркетте адамның кез келген тауарды сатып алуына болатынын түсіндіреді. Супермаркеттің іші кең болатынын және ондағы тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатынын жайында да айтылуы тиісті. Супермаркетте сатушы емес кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру керектігін айтатыны туралы</p>	<p>меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, алдымен аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тағамдар әзірлеу қызметі және оның маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады. Сонымен қатар, педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады. Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып)</p>	<p>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгіліне тән құбылыс, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін, мысалы, "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) "Сақина" аз қимылды ойын. Мақсат-міндеттер. Балаларды зеректікке, шашшандыққа, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Баланың алақанына жасырынатын шамадағы сақина. Шарты. Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір балаға кезегімен сақинаны салған сияқты қимылдар жасайды. Алақанына жасырын салынған сақинасы бар бала, жүргізуші шақырған кезде орнынан ытқып шығып, шеңбердің тысына шығып кетуі керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алу керек. (дене шынықтыру)</p>	<p>достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырарсың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".</p>	<p>балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балалар құбылыстың қайдан пайда болатынын, оның жыл мезгіліндегі ерекшелігін түсіндіруде ойларын толық қандыра берулері тиіс. Жыл мезгіліне тән кез келген табиғат құбылысы жайындағы көркем сөзді мысалға келтірген балалардың жауаптары үлгі болып саналады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>
---	--	--	--	--

	<p>балалар білуі керек. Ойынға қатысатын балалар санамақ арқылы таңдалады, сатып алушылар қолдарына қажетгі құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон) ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді. Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; супермаркет - қоғамды орын, ол жерде әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді. Даяшы балаларға әкеліп береді, балалар төлем жасайды. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдаланады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. Ойында "рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындардағы тәртіпке бағыну. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-</p>			
--	---	--	--	--	--

		әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)			
Балалармен жеке жұмыс	Үстел үсті ойыны. "Дойбы". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. (танымдық іс-әрекет)	Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Әбен Дәуренбеков) Сен де қудың көбелек, Мен де қудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не керек?! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Қағаздан бүктеу" жұмысы. Тақырыбы: "Бақа". Мақсат-міндеттер. Аңдар, құстар және гүлдерді қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру. (шығармашылық іс-әрекет)	"Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта". Мақсат-міндеттер. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Барысы. Балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын не қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған "көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын не қысқалығын анықта" деген тапсырма береді. (танымдық іс-әрекет)	"Әдемі үйшік" пазлын құрастыру. Бір үйшікте мекен ететін жануарлар достығы туралы әңгіме жүргізу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе,				

	Қайтарамын қарымын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> <p>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p> <p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қысық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p>				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес.	Баланың эмоциялық	«Айына бір рет отбасы күнін	Әңгіме жүргізу.	Балаларының жетістігі

(ата-аналарға кеңес)	"Егер бала жиі ашуланса ..."	жағдайы.	өткізу».	"Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	жайлы ата-аналарына айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.
----------------------	------------------------------	----------	----------	---------------------------------------	--

20.05 - 24.05.2024ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Үйде балаларға қандай кітаптарды оқуға болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аударатын, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтардың ылғалды қажет етуі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек іс-әрекеті)	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті)
	Үстел үсті ойыны. "Дойбы". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін	"Қауіпті өсімдіктер" Мақсат-міндеттер: балаларға таныс емес қауіпті өсімдіктерді қолданудың қауіпсіздік	Ұлттық ойын. Теңге ілу Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге	Сурет салудан ойын-жаттығу "Жазғы демалыс" Мақсат-міндеттер: балаларды жазғы демалыс туралы ұғымдары мен ой-қиял жасау	Құрастырудан ойын-жаттығу "Шегіргүл - бөлме өсімдігі" Мақсат-міндеттер: балаларды гофрленген

	<p>дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс қолдарын бөгеіп тастау. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>ережелерін білуге үйрету; қауіпті өсімдіктердің түрлерімен таныстыру; табиғат аясындағы жеуге жарамды өсімдіктерді қолдану шараларын білуге үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Бояу қағазының суреттерін бояу. Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. (дене шынықтыру)</p>	<p>нәтижесінде, өз еркімен қағаз бетіне сюжетті жоспарлап, салуға үйрету. (шығармашылық іс-әрекеті)</p>	<p>қағаздың түрінен шегіргүл гүлін құрастыруға үйрету; жырту, ұсақтау әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. (шығармашылық іс-әрекеті)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). Осы жаттығуды сол жаққа қайталау.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою. 1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-8 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. (дене шынықтыру)</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Бата беру</i></p>				

	<p>Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік". Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысың, асыл күн, Армысың, асыл жыр. Армысың, көк аспан, Армысың, достарым, Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым! (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Шаттық шеңбері Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Шаттық шеңбері Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар". Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау. Қазақ тілі "Жаз мезгілі. Орман ертегісі". Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі, жазғы және жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар". Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау. Математика негіздері "Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын</p>	<p>Математика негіздері "Жазғы қызықтар" Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту. Қазақ тілі "Сикырлы дыбыстар мен әріптер". Мақсат-міндеттер: логикалық</p>	<p>Математика негіздері "Жазғы қызықтар" (қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту. Сөйлеуді дамыту "Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой «Екі жолдас»". Мақсат-міндеттер: әңгімені оқу</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар". Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау. Мүсіндеу "Сұлу көбелек" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, ермексазды есу, домалақтау әдістерін пайдалана отырып көбелекті</p>

	<p>кеңейту; В.Бианкидің "Құйрықтар" ертегісінің негізгі мазмұнымен таныстыру.</p> <p>Дене шынықтыру "Доға астынан өту кезінде топтасу"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды доға астынан өту кезінде топтасуға үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Қош келдің, жаз!"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ауамен тәжірибелер мен зерттеулер арқылы іздеу-танымдық белсенділігін дамыту; ой-өрісін кеңейту.</p>	<p>арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Музыка "Қош бол, балабақша!"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу Өткен тақырыптарды пысықтау.</p>	<p>ойындар, жаттығулар арқылы балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру; жаз туралы схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдыландыру.</p> <p>Дене шынықтыру "Доға астынан өту кезінде топтасуды пысықтау"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды аяқтың оң бүйірімен (3 рет), одан соң 180 градусқа бұрылып, сол бүйірімен секіру; көлбеу бөрене бойымен жүру және жүгіруге үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет "Кел жаттайық Т. Молдағалиев «Жаз келіпті»"</p> <p>Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету.</p>	<p>барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру.</p> <p>Музыка "Жау, жау, жаңбыр"</p> <p>Мақсат-міндеттер: музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу Өткен тақырыптарды пысықтау.</p>	<p>мүсіндеуге үйрету.</p> <p>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Құрсауды тура бағытта домалату"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p> <p>Көркем әдебиет "Кел жаттайық Т. Молдағалиев «Жаз келіпті»" (қайталау)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету.</p>
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Гүл бағын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Гүл бағы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау, оны гүл көшеттерін отырғызуға</p>	<p>Велосипедті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Велосипед жайлы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым</p>	<p>Бақбақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімдерін толықтыру; табиғатты белсенді түрде қорғауға ұмтылуды қалыптастыру; балаларға табиғаттағы барлық</p>	<p>Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру, олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін</p>	<p>Құмырсқаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру.</p>

	<p>дайындау тілегін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл - қозғалыс ойындары: "Ұйқыдағы түлкі", "Допты көрсет". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Құстар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу.</p>	<p>еңбек тапсырмалары (аумақты бұтақтар мен тастардан тазарту). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс дағдыларын дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; белгілі бір бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Келесі кім?" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға допты қашықтыққа лақтыру дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>өсімдіктердің маңызы барын түсіндіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскені қоқыстан тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа күш-жігерін жұмсап жетуді үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жүгіру жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.</p>	<p>бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазалау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жылан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту.</p>	<p>Зерттеу. Бір жолды құммен жауып, құмырсқалар не істейтінін көру; екіншісін қантпен жауып, құмырсқалар оны қалай жинайтынын көру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аумақты ескі жапырақтардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жұптасып жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалу". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жүгіру, секіру дағдыларын бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Сол және оң аяққа секіру қабілетін дамыту.</p>
Серуеннен оралу	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Бата беру</i> Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң</p>				

	<p>Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдынан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ауыр тастарды көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп, қайта түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лево ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын</p>	<p>Ритмикалық жаттығу Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (адымдайды) Адыммен біркелкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді) Біз жауынгер баламыз. (қолдарын басының тұсына қояды) Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (адымдайды) Тізіліп біркелкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын басының тұсына қояды) Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын басының тұсына қойып, адымдайды) (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообак". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі зообак, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообакта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообак қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері. Шарты. Педагог ойыннан бұрын балалармен бірлесіп, зообак жайында суреттерді</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн". Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік арқылы анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді атауға қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды үлгілері, журналдан қиылған суреттер; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп әрбір отбасында туған күннің қалай өтетіні</p>

	<p>балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p>		<p>қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді. Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын туралы талқылап алу керек. Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>жайында әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау дәстүрі қайдан келгенін талқылайды. Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегін жасау керектігін жоспарлайды. Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды. Туған күн иесін балалар санамақ арқылы тағайындауы мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күн иесі болып үлгеру тиіс. Алғашында педагог ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады: қонақтардың адал ниетті дос болуы, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалғаны. (қарым-қатынас іс-әрекеті,</p>
--	--	--	---	---	---

					таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	"Қағаздан бүктеу" жұмысы. Тақырыбы: "Піл". Мақсат-міндеттер. Жануарлардың пішіндерін қағаздан бүктеп жасауды үйрету. (жапсыру)	Бала тілін дамыту. "Жазда" (Рамазан Тышқанбаев) Шулы өзенге барайық, Орын таңдап алайық. Ақ сазанға ау құрып, Болат қармақ салайық. Жүр, балалар, тұрмалық, Гүл терелік, қыр барып. Өкінбейік, даланың Қызығынан құр қалып. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Қағаздан бүктеу" жұмысы. Тақырыбы: "Кеме". Мақсат-міндеттер. Қағаздан әртүрлі көліктерді бүктеп жасауды үйрету. (жапсыру)	Бала тілін дамыту. "Жаз" (Ілияс Жансүгіров) Жерің анау, Жасыл жолақ кілемдей. Желің мынау, Жігіт айтқан өлендей. Көлің анау, Той ғып жатқан ауылдай. Күнің мынау, Елжіреген енеңдей. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және оларға толық жауап беру дағдысын бекіту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Бата беру</i> Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)				

<p>(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және сонын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және сонын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> <p>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p> <p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін таңуға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>«Мектепке дайынсыз ба?» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>	<p>«Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбына ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>Жобаны қорытындылау.</p>	<p>Балабақшамен қоштасу.</p>

27.05 - 31.05.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарға жауап беру; ата-аналармен ақпарат алмасу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Еңбек: ауланы сыпыру, орындықты тазалау. Мақсаты: сыпырғышты пайдалану туралы білімдерін бекіту, өз ауласында тұрақты әрі уақытылы тазалық сақтауларын, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауларын қалыптастыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: ауладағы орындықты тазалау, ауладағы желмен шашылған жапырақтарды сыпыру. Мақсаты: ауланы ұстауға үйрету; еңбексүйгіштікке, ұжымдық еңбекке тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.
	Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".	Үстел үсті ойыны "Лото". Мақсат-міндеттер.	«Өліппе-лотосы». Мақсат-міндеттер. Өткен	"Домино" дидактикалық ойыны.	"Қарама-қарсы сөз" дидактикалық ойыны

	<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Әрбір бала отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін топтастырып, кімнің киімі екендігін айтады және әр киімнің атауларын атап шығады. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>дыбыстарды қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөз, сөйлем құрауға дағдыландыру. Ойынның барысы. Әріп текшесі қапқа салынады. Ойынға қатысушыларға карточкалар үлестіріліп беріледі. Ойын бастаушы қапшықтан текшелерін алады, әріпті ойынға қатысушыларға кезекпен береді. Карточкадағы әріпке сәйкес келсе, үстіне қояды. Карточканы кім бұрын жауып аяқтаса, сол жеңіске жетеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. "Сыныптар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, бір аяғымен секіруге, ойын ережелерін сақтауға үйрету. Еркін ойын: "Сақина". Мақсаты: балаларды ойын шартына сай, достықта ойнай білуді жетілдіру; зерек, шапшаң, алғыр болуға тәрбиелеу. Жүргізуші шеңбердің ішінде, ал балалар айналасында тұрады. Ол алақанында сақинаны ұстап тұрады да, байқатпай балалардың біреуіне беруге тырысады: балалар алақандарын бір-біріне беттестіріп тұрады, жүргізуші кезек-кезек балалардың алақандарын ашады. Балалар жүргізуші мен</p>	<p>(жұптар айтысы). Мақсаты: балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құра білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды молайту; ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар: қамшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау). - Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын айту үшін, "айтысты" жариялайық. Кімге қарай қамшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап, қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек. Егер білмеген балалар болса, оларға білген бала көмегі беріп, айтысты жалғастырады. "Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: белгілер бойынша жылдам жүгіруді, зейінді дамыту; дене мүшелерін нығайту. Дамыту ойыны: "Айна". Мақсаты: балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін, сөйлеу және қозғалыс белсенділігін дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберге шығады. Санамақ көмегімен таңдалған бала шеңбердің ортасына орналасады.</p>
--	---	--	--	--	--

				<p>жолдастарының әрекеттерін мұқият қадағалайды. Сақина бұйырған бала басқаларға білдіртпеуі керек. Жүргізуші: "Сақина, сақина алаңға жақында!" - деп нұсқау бергенде, сақинасы бар бала ортаға жүгіріп шығады да жүргізуші атанады. Егер балалар сақинаның кімде екенін сезіп қоятын болса, алаңға шығармауға тырысады. Ондай жағдайда жүргізуші өз орнында қалады.</p>	<p>Қалғандары айтады: - Бірігіміз бәріміз, Бірімізден біріміз. Қайталаймыз, қалмаймыз, Ұйықтамаймыз, талмаймыз. - Асан (Аида, Мансұр) бізге көрсеттер. Тағайындалған балалар шеңбердің ортасындағы бала әртүрлі қимылдарды көрсетеді, қалған балалар қайталайды.</p>
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). Осы жаттығуды сол жаққа қайталау.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою. 1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-8 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. (дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар Максат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. <i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i></p>				

	Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. (қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	«Эмоцияларды жаттықтырамыз» Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу. Тәрбиеші балалардан: - күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны; - күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы; - балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды; - орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты; - жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны; - көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамыз, күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бір жүреміз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік". Мақсаты: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.	Топтағы тәрбиеші мен достар туралы әңгіме. Мақсаты: достық туралы ұғымды тиянақтау, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау". Мақсат-міндеттер: дыбыспен дыбыс түрлерін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау.</p> <p>Қазақ тілі "Дыбыстар мен әріптер еліне саяхат". Мақсат-міндеттер: дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін еске түсіру, әріптер туралы түсініктерін кеңейту; сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Дауысты мен дауыссыз дыбыстар әлемі" Мақсат-міндеттер: артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінікті қайталау.</p> <p>Математика негіздері "Жазғы қызықтар" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту.</p> <p>Музыка "Көңілді көктем әндері" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білу іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "А.Бактыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.</p>	<p>Математика негіздері "Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды" Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Жазғы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p>	<p>Жазғы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)</p>
--	---	---	---	---	---

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ.</p> <p>Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? (Қоңыз) Бақылау.</p> <p>Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту. Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру) Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл</p>	<p>Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ.</p> <p>Өзіне шап-шақ, Киген қалпағы аппақ, Аулада тұр қаптап. (Бақбақ) Бақылау.</p> <p>Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсініктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</p> <p>Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру) Балалалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту.</p> <p>Еңбек. Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. (еңбек іс-әрекеті) Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніндегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну).</p>	<p>Шықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ.</p> <p>Маржандарым тығылды, Таң атқанша ағылды. (Шық) Бақылау. «Шық» деп аталатын өлі табиғаттағы құбылыс жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Шықтың тек таң ата шығып, күн көтерілгенде еріп кететініне назар аудару. Табиғатқа деген қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойын. «Менің көңілді добым». (дене шынықтыру) Доппен ойнау әдістерін бекіту, қимыл-қозғалыстарын дамыту ептілікке баулу.</p> <p>Еңбек. Ауылдағы жұмыс. (еңбек іс-әрекеті) Өсімдіктердің солып қураған жапырақтарын алып тастау. Қолданған еңбек құралдарын ретке келтіріп өз орнына қоюға дағдыландыру.</p> <p>Өз бетімен ойындар. Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру. (дене шынықтыру)</p>	<p>Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау, кемпіркосақ.</p> <p>Мақсаты: кемпіркосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру.</p> <p>Экологиялық міндет: өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жанбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа деген сүйіспеншілікті дамыту.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл- жасылды Кемпіркосақ асылды. Жұлпырғаны қызық-ақ Жеті түрлі бояумен. Бір кесегің үзіп ап, Үйіме әкеп қояр ма ем.(М. Әлімбаев)</p> <p>Халық болжамдары Ыстық жел соқса - жанбыр жауады. Торғайлар топтасып ұшса - ашық, құрғақ күн болады. Жермен тәжірибе: топырақ салынған бар екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді. Қорытынды: топырақты қопсыту керек. Экологиялық ойын: "Өсіру". Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу. "Кемпіркосақ" қимыл-қозғалыс</p>	<p>Бұлттарды бақылау</p> <p>Мақсаты: балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру.</p> <p>Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және т.б.)</p> <p>Сұрақтар:</p> <p>- Бүгін ауа-райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінде ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың сөздерін және бейнелі сөздерін мадақтаңыз. Көркем сөз</p> <p>Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет. Жұмбақ</p> <p>Көз жасты – жылауық,</p>

	<p>берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау. Еңбек. Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру.</p>	<p>Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. Өз бетімен ойындар. Айналмамен ойнау. (дене шынықтыру) Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау.</p>		<p>ойыны. Мақсаты: балаларды бір-бірін итермей жүгіруді жетілдіру; абай болуға дағдыландыру. Еңбек: гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау). Мақсаты: балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру. "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйгіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.</p>	<p>Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылмайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт) "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды. Еңбек: балалармен бірге</p>
--	---	--	--	--	---

					<p>гүлдарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру.</p> <p>Мақсаты: ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Еркін ойын: "Күн мен жаңбыр".</p> <p>Мақсаты: балалардың шығармашылығын, кеңістіктегі бағдарын, жылдамдығын, зейінін дамыту.</p> <p>Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. т.б.</p> <p>Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады.</p> <p>Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (мысалы, бөренелер, орындықтар, сатылар).</p> <p>Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде, балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (мысалы, тек қана секіру, тек артпен жүгіру, т.б.)</p> <p>Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.</p>
Серуеннен оралу	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>				

	<p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең, қанасың. Жуынсаң, тазасың. <i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i> Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс жасайтын мамандардың құралдары (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы). Шарты. Балалар балабақша қызметкерлерін өз</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Мектеп". Мақсат-міндеттер. Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер. Шарты. Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке эскурсияға</p>	<p>"Бұлттар неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: қиялды, объектілерді қабылдау мүмкіндігін дамыту. Ойын үшін әртүрлі пішіндегі бұлттар бейнеленген карталарды дайындау қажет. Бұл карталар балаларға таратылады. Оларға суреттерге қарап: "Мына бұлт, меніңге (мына объектіге) ұқсайды", - деп жауап берулері қажет. Бұл ойынды серуен кезінде өткізуге болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға аспанға қарап, бұлттарды суреттеуге шақырады. Ойынның тағы бір нұсқасы: педагог кез-келген затты атайды, ал балалар оған ұқсас бұлтты табуы керек. "Балалар бақшасы" сюжетті-рөлдік ойыны. Балабақша қызметінің негізгі түрлері және онда жұмыс істейтін мамандар туралы</p>	<p>"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны. Мақсаты: кемпірқосақ түстерінің күндерінің тәртібін бекіту, зейін мен есте сақтауды дамыту. Құрал-жабдықтар: кемпірқосақтың барлық түстерінің қалпақтары. Барысы: балаларға түрлі түсті қалпақшалар беріледі. Педагог: аптаның әр күнін кемпірқосақтың түсіне сәйкес етіп алайық. Біз қазір аптаның күндеріне айналамыз. Балалар аптаның күндерінің тәртібіне және кемпірқосақтағы түстердің орналасуына сәйкес сапқа тұрады. Педагог бірінші баладан не себепті бірінші болып тұрғанын сұрайды. (Себебі кемпірқосақтың бірінші түсі</p>

	<p>еркімен тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бір бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлап алады. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді істейтінін анықтап, балалардың орнын алмасуын бағыттап жатады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобуска толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>ертiп апаруға болады. Педагог балалармен бiрге мектеп туралы суреттердi, кинофильмдерден (мысалы, "Менiң атым Қожа") үзiндiлердi алдын-ала қарап, мұғалiм мен оқушылар жайында әңгiмелеседi, мектептегi тәртiптiң балабақшадағы тәртiпке ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында мұғалiмнiң рөлiн педагогтiң өзi ойнауы мүмкiн, содан соң рөлдi қалаған балаларға тапсыра алады. Ойынның соңында мектепте үздiк оқу үшiн iзденiмпаздық, төзiмдiлiк, ынта, тәртiпке бағыну сияқты қасиеттердiң қажеттiлiгi жайында айтып, қорытынды жасауға болады. (қарым-қатынас iс-әрекетi, таным iс-әрекетi, зерттеу iс-әрекетi, еңбек iс-әрекетi)</p>	<p>балалардың жалпы түсiнiктерiн бекiту; жеке қабiлеттерiн, өнiмдi қатынастарды құру қабiлеттерiндамыту. Құрал-жабдықтар. Медбикеге, тәрбиешiге, тәрбиешiнiң көмекшiсiне, аспазға, балабақшада жұмыс iстейтiн тазалаушыға қажеттi құралдар. Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерiн өздерi тағайындайды. Мамандар рөлiн атқаратын балалар қажеттi құралдарды таңдап, оларды белгiлi бiр бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандарды ойнайтындар бiр-бiрiмен кеңесiп, кiм, қайда баратындығын және не iстейтiнiн жоспарлай алады. Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды нығайтуға көмектеседi, қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттер жасайтынын немесе не iстейтiнiн анықтайды, балалардың алмасуын басқарады.</p>	<p>қызыл). Аптаңың қай күні бізде қызыл? (Дүйсенбі). Екіншісінен: Сен не себепті екінші тұрсың? (Аптаның екінші күні сейсенбі, ал кемпірқосақтың екінші түсі - қызғылт сары). Үшіншісінен: Аптаңың қай күні үшінші? (Сәрсенбі, кемпірқосақтың түсі - сары). Төртіншісінен: Кемпірқосақтың төртінші түсі қандай? (Жасыл). Ал, апта күні? (Бейсенбі). Аптаның бесінші күні қандай? (Аптаның бесінші күні - жұма, ал кемпірқосақтың бесінші тұрған түсі - көгілдір. Аптаның алтыншы күні қандай? Ал, кемпірқосақтың алтыншы түсі ше? (Аптаның алтыншы күні - сенбі, кемпірқосақтың алтыншы түсі - көк). Аптаның соңғы күні қандай? Кемпірқосақтың соңғы түсі қандай? (Аптаның соңғы күні жексенбі, кемпірқосақ түсі күлгін). Балалар, сендер аптаның қай күнісіңдер? Әр баладан сұрау қажет. Педагог: - Мінекей, күн шықты, кемпірқосақ жоғалды (балалар сынып ішінде жүгіреді). Күн шықты. (белгіден соң балалар тиісті түстер бойынша қатарға тұрады). "Ойыншықтар дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны. "Ойыншықтар" дүкені</p>
--	---	---	---	--	---

					<p>туралы балалардың идеяларын бекіту; сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру; позитивті қарым-қатынасты дамыту. Құрал-жабдықтар. Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қағаз ақшалар.</p> <p>Барысы. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қажетті құралдарды (карта, қаражат, смартфон) алып, ойыншықтардың біреуін таңдап, өз қалауларын айтады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге қояды, бағаларды анықтайды, тұтынушыларға өнімнің ұтымды жақтары туралы айтады және оны "сатады".</p> <p>Педагог диалогтарда, ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбектерінде этикет ережелерін сақтауды реттейді, бекітілген сұрақтар қояды.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Дидактикалық ойын. «Ғажайып нүктелер». Нүктелерді қосып гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып қар ұлпасының суретін шығарады. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>"Кемпіркосақтың түстері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Әбен Дәуренбеков) Сен де қудың көбелек, Мен де қудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не керек?! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені</p>	<p>Тыныш музыка қосылады, оған балалар біртіндеп оянады. Біртіндеп көтерілу (музыка ақырын ойнайды). Көркем сөз Қарсы ал ерте күн көзің, Төсегінді жина өзің. Саусағыңды сормағын, Салдыр салақ болмағын. Әдеп қыл ісінді, Тазалап жүр тісінді. Қарағанда айнаға, Ұқыпты болсын киімің.</p>

				тұтастай қорғайды. Көркем сөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтешесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Максат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең, қанасың. Жуынсаң, тазасың. <i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i> Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Максат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Максат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ				

	<p>халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> <p>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p> <p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Балаларының жетістігі жайлы ата-аналарына айту; үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу.</p>